



010000, Нұр-Сұлтан к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

31.07.19 № 4 ге

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның  
2019 жылғы 31шілдедегі  
қаулысы**

**Әлеуметтік объектілерді, тұрғын үй  
объектілерін жобалау және салу сапасын  
қадағалау жөніндегі жергілікті атқарушы  
органдардың қызметі және «Әлеуметтік  
объектілерді, тұрғын үй объектілерін жобалау  
және салу сапасын қамтамасыз ету жөніндегі  
атқарушы органдардың жұмысы туралы»  
тұрақты комиссия қаулысының орындалу  
барысы туралы.**

«Әлеуметтік объектілерді, тұрғын үй объектілерін жобалау және салу сапасын қадағалау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметі және «Әлеуметтік объектілерді, тұрғын үй объектілерін жобалау және салу сапасын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» тұрақты комиссия қаулысының орындалу барысы туралы» ақпаратты тыңдалап және талқылай отырып, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы қаланың жергілікті атқарушы органдарымен әлеуметтік объектілер мен тұрғын үй объектілерін жобалау және салу сапасын бақылау шаралары қабылданып жатқандығын атап өтті. Құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша тұрақты комиссия қаулыларының ұсынымдарын іске асыру бойынша іс-шаралар кешені орындалды.

2019 жылы әлеуметтік саланың және тұрғын үйдің Бюджеттік инвестициялық жобаларын қаржыландыруға 20 496 421 мың теңге қарастырылған (республикалық бюджет есебінен – 7 182 695 мың теңге, жергілікті бюджет есебінен - 13 313 726 мың теңге).

Сәулет және қала құрылышы саласындағы заңнама нормалары мен талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдануда.

Бүгінгі күні қалада салынып жатқан 1930 нысан тіркелген, оның ішінде 280 тұрғын үй, 36 әлеуметтік нысан (мектептер, ауруханалар).

000130

Тексеру іс-шараларының қорытындысы бойынша 2019 жылдың басынан бері 1379 үйгарым шығарылды, 938 әкімшілік хаттама жасалды, оның ішінде 210 үйгарым және тұрғын үй құрылышы кезінде 80 хаттама.

«Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ, "Мемсараптама" РМК және Құрылыш істері жөніндегі комитет және ТКШ істері комитеті арасында жобалау сапасын қамтамасыз ету үшін жобалау кезінде заңнама нормаларын бұзушылықтарды анықтау бойынша іс-қимыл алгоритмі бар. 2019 жылдың қорытындысы бойынша заңнама нормаларын сақтамағаны үшін 2 525 000 теңге айышшул салумен 7 жобалық үйді жауапкершілікке тартылды.

Құрылыш объектілеріндегі заңнама нормалары мен талаптарының бұзылуына жол бермесу мақсатында профилактикалық бақылау шеңберінде Қазақстан құрылыш салушылар қауымдастығымен және техникалық қадағалау қауымдастығымен құрылыш-монтаж жұмыстарын сапалы орындауды қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастық туралы Меморандум әзірленіп, танысу үстінде.

Бұзушылықтарды анықтау және әкімшілік шаралар қабылдау бойынша мемлекеттік органдармен және мұдделі үйділдермен өзара іс-қимыл бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізілуде.

Бюджет қаражаты есебінен коммуналдық меншік объектілерін салу саласында Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын үй саясатын іске асыру барысында құрылыш сапасына, объектілерді жобалауға және олардың құрылышы мерзімдерінің сақталуына бақылауды жандандыру бойынша шаралар қабылдануда.

Қаланың бірыңғай сәулет-қала құрылышы саясатына сәйкес нобайлық жобаларды келісі бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады.

Объектілер құрылышының барысына, орындалатын құрылыш-монтаж жұмыстарының сапасына, олардың техникалық нормаларға, жобалау-сметалық құжаттамаларға және ҚНЖЕ талаптарына сәйкестігіне алта сайын бақылау жүргізіледі.

Барлық нысандарда қасбеттерді әрлеудің сапалы материалдарының қолданылуына бақылау жүргізіледі, біздің қаламыздың климаттық жағдайларына тән пайдалану шарттарына жауап беретін заманауи әрлесу материалдары пайдаланылады.

Елордада тұрғын үй құрылышы және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту саласында "Нұрлы-Жср" тұрғын үй құрылышы бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2019 жылдың жалпы ауданы 2308 мың шаршы метр 250 пәтерлік көппәтерлі тұрғын үй кешені (бұдан әрі-МТЖ) пайдалануға берілді және жалпы ауданы 266,0 мың шаршы метр 3 078 пәтерлік 16 МТЖ құрылышы жалғасуда.

Тұрғын үй құрылышының қарқынын сақтау үшін мемлекеттік инвестициялар есебінен іске асырылатын тұрғын үй құрылышы объектілерін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жөніндегі

іс-шаралар жүзеге асырылады. Бұдан басқа, "Нұрлы Жер" тұрғын үй құрылышы мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй нысандарына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның 18 инвестициялық жобасын іске асyrу жоспарланған.

Ағымдағы жылы білім беру жүйесін дамыту шеңберінде 5 100 орынға арналған 5 жалпы білім беретін мектеп, 825 орынға арналған сік қосымша құрылышы, 800 орынға арналған КТМ құрылышы бойынша жұмыстар атқарылуда.

Инклузивті білім беруді есепке ала отырып, сапалы білім алуға мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқықтарын бірдей қол жеткізу және көпілді іске асyrу мақсатында "көру қабілеті бұзылған балаларға арналған балабақша құрылышы" жобасы іске асyrылуда.

Абаттандыруды дамыту шеңберінде ағымдағы жылы ұзындығы 2 км астам Есіл өзенінің арнасын салу және қайта жаңарту аяқталады.

Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту үшін 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласының аудандық полиция ғимаратының, өрт сөндіру депосының құрылышы жалғастырылды. Сондай-ақ, ПД жедел әрекет ету арнайы отряды, ПД-нің ғимаратын қайта құру, Нұр-Сұлтан қаласындағы Кепесары және Күмісбеков кошелерінің қылышында орналасқан әкімшілік ғимараттың құрылышы бойынша жобалар іске асyrылуда.

Астананы дамытудың Бас жоспарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес көшелерді жобалау және салу бойынша жұмыстар жүзеге асырылады.

Құрылыш жұмыстарын техникалық қадағалау және жұмыс барысын технологиялық сүйемелдеу жөніндегі инжиниингтік компания сүйемелдейді.

Жобалау-сметалық құжаттаманы өзірлеуге және құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Занының талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып аудың конкурстық ресімдерінен өткен білікті, лицензияланған ұйымдар тартылады.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы жергілікті атқарушы органдардың қызметінде әлеуметтік нысандарды жобалау және салу сапасын жақсартуды бақылау бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, бірқатар шешілмеген мәселелер орын алуда.

Тапсырыс беруші, авторлық және техникалық қадағалау, мердігерлік ұйым арасында объектілерді жобалау және салу мәселелерінде өзара іс-қимыл жоқ.

Жобалау сапасын, жобалардың техникалық, санитарлық және өртке қарсы техникалық регламенттер мен құрылыш нормаларының талаптарына сәйкестігін бақылау толық көлемде жүзеге асyrылмайды.

Қаланың әлеуметтік объектілеріне кірме жолдарды жобалау және салу мәселелері өзекті болып қалуда.

Пайдаланылатын ғимараттар мен құрылыштардың және олардың жекелеген элементтерінің (терезедегі шынылар әртүрлі) техникалық жай-күйіне, олардың астананың сәулеттік келбетіне сәйкестігін сапалы және жүйелі бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі мәселе бұлжытпай шешуді талап етеді.

Жобалау сапасы, жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігі, Тапсырыс беруші мен жобалау ұйымының жобалау кезінде заңнама талаптарын ескермеуі, жобалау қателіктерін жою бойынша шешім қабылдамауы сапалы объектілерді пайдалануға уақтылы тапсырмау себебі болып табылады.

Заңнаманың және қала құрылышы нормативтерінің талаптарының сақталуына мониторинг жүргізуге қатысты тұрақты комиссияның ұсынымдарын орындау бойынша шаралар қабылданбаған.

Бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың сәйкес келмеуі және объектілер құрылышы бөлігінде Жаңа жоспарлау аудандарына мониторинг жүргізу және заттай тексеру барысында анықталған бұзушылықтар саны төмендемейді.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде, Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жоніндсі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. «Әлеуметтік объектілерді, тұрғын үй объектілерін жобалау және салу сапасын қадағалау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметі және «Әлеуметтік объектілерді, тұрғын үй объектілерін жобалау және салу сапасын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» тұрақты комиссия қаулысының орындалу барысы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсынылсын

- әлеуметтік объектілер мен тұрғын үй объектілерін салу және жобалау барысында Қазақстан Республикасының заңнамасы, құрылыш нормалары мен ережелері талаптарының сақталуына бақылауды қүшайту;

- Тапсырыс беруші, авторлық, техникалық қадағалау және мердігерлік ұйым арасында объектілерді жобалау және салу мәселелерінде өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

- сапалы объектілерді уақтылы пайдалануға беруді қамтамасыз ету үшін Тапсырыс беруші мен жобалау ұйымының заңнама талаптарын сақтауын бақылауды қүшайту;

- әлеуметтік объектілерге кірме жолдарды жобалау мен салудың жүйелі проблемаларын шешу жөнінде шаралар қабылдау;

- пайдаланылатын ғимараттар мен құрылыштардың және олардың жекелеген элементтерінің техникалық жай-күйіне, олардың астананың сәулеттік келбетіне сәйкестігін тиісті бақылауды қамтамасыз ету мәселелерін ерекше бақылауга алу;

- мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алу құқықтарының тен қол жеткізуін және кепілді іске асырылуын қамтамасыз ету үшін инклузивті білім беруді ескере отырып, мектептер, балабақшалар құрылышы бойынша жұмысты жандандыру.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының сәulet, қала құрылышы және жер катынастары басқармасы" ММ жобалық құжаттама шеңберінде заңнама және қала құрылышы нормативтері талаптарының сақталуына мониторингті жүзеге асыру бойынша тұрақты комиссияның ұсынымдарын іске асыру бойынша шаралар қабылдау.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының қалалық орта сапасын бақылау басқармасы" ММ, "Нұр - Сұлтан қаласының құрылыш және тұрғын үй саясаты басқармасы" ММ, "Нұр-Сұлтан қаласының қалалық ортапы регенерациялау басқармасы" ММ, "Нұр-Сұлтан қаласының сәulet, қала құрылышы және жер қатынастары басқармасы" ММ ағымдағы жылдың 12 тамызына дейін мектептерді жобалау және салу бойынша жоспарланған іс-шаралар туралы толық ақпарат беру.

5. Тұрақты комиссия отырысында атқарушы органдардың жұмысы туралы мәселе қайта қаралсын.

**Құрылыш, экология, көлік, сауда  
және тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссияның төрағасы**

**С. Жұнісов**